



Ресми шешім № 6

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйымы мен оның үйымдарының Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесін қалыптастыру және жүргізу қағидалары**

Нұсқа*	Басқаруши кеңестін шешімімен бекітілген*	Күжаттын күшіне енген күні
	Шешімнің №	
	12.04.16	12.04.16
<b>Мәртебесі</b>	<input checked="" type="checkbox"/> Бекітілді <input type="checkbox"/> Карапды, пысықтауға жіберілді (Хаттамаға қосымшаны қараңыз) <input type="checkbox"/> Бекітілмеди <input type="checkbox"/> басқа да	12.04.16
<b>Күжатта әзірлеу үшін негіз болған негізгі құжаттарға (жоғары деңгейдегі) сілтеме</b>	«Назарбаев Университеті» Қамқоршылық кеңесінің шешімі, 2014 жылғы 30 тамыздағы № 16 хаттама	
<b>Жауапты лауазымды тұлға</b>	Байғарин К.Ә., «Назарбаев Университеті» инновациялар жөніндегі Вице-Президенті	
<b>Лауазымды тұлға – қүжаттың бастамашысы</b>	Омаров Н.М., «Назарбаев Университеті» Аппаратының басшысы, +7(7172)706121 nomarov@nu.edu.kz. Жанайдарова Ш.Б., Сатып алуды үйымдастыру департаментінің директоры, +7(7172) 70 60 77, shzhanaidarova@nu.edu.kz	
<b>Алдыңғы/ескірген құжаттар</b>	«Назарбаев Университеті» Атқаруши кеңесінің 2012 жығы 05 маусымдағы № 6.2.1. шешімімен бекітілген Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру және жүргізу қағидалары	
<b>Өзара байланысты құжаттар</b>	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйымы Қамқоршылық кеңесінің 2014 жылғы 30 тамыздағы № 16 шешімімен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қағидалары. «Назарбаев Университеті» Басқаруши кеңесінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 26.01.16 шешімімен бекітілген Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл регламенті. «Назарбаев Университеті» Басқаруши кеңесінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 26.01.16 шешімімен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу бойынша үлгі тендерлік құжаттамалар.	
<b>Құжат тілі</b>	Қазақ - , орыс - , ағылшын - 12.04.16	

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйымы мен оның үйымдарының Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйымы Қамқоршылық кеңесінің 2014 жылғы 30 тамыздағы № 16 шешімімен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – Сатып алу қағидалары) сәйкес әзірленген.

2. Қағидалар «Назарбаев Университеті» мен оның үйымдарының тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу саласындағы сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) қалыптастыру және жүргізу тәртібін белгілейді.

Тізбені жүргізу мақсаты тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолайлы бәсекелі ортаны құру үшін Тізбенің құрамындағы сенімсіз әлеуетті өнім берушінің (өнім берушінің) «Назарбаев Университеті» мен оның үйымдары өткізетін сатып алуларға қатысуын үақытша шектеу болып табылады.

3. Тізбені «Назарбаев Университетінің» сатып алу бөлімшесі (бұдан әрі – сатып алу бөлімшесі) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электронды түрде қалыптастырады және жүргізеді.

4. Әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) Тізбеке әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) Тізбеке енгізуге бастамашылық еткен тапсырыс берушінің/құрылымдық бөлімшениң (бұдан әрі - бастамашы) ақпараты және растайтын құжаттары негізінде Аппарат басшысының шешімі бойынша енгізіледі.

5. Сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) туралы тапсырыс берушілер/бастамашылар ұсынған материалдар сатып алу бөлімшесінде сақталады.

6. Осы Қағидаларда айқындалмаған терминдер мен ұғымдар Сатып алу қағидаларында көзделген мағынада пайдаланылады.

## **2. Тізбені қалыптастыру және жүргізу тәртібі**

### **§ 1. Тізбеке енгізу негіздері**

7. Әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) мына жағдайлардың бірінде:

1) сатып алу жөніндегі құжаттарда көзделген талаптар бойынша шынайы емес ақпарат берілгенде;

2) сатып алудың жеңімпазы болып танылған жағдайда сатып алу туралы шарт жасаудан жалтарғанда:

- егер әлеуетті өнім беруші тапсырыс беруші оған сатып алу туралы қол қойылған шарттың жобасын берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шарттың жобасына қол қоймаса;

- егер сатып алу жеңімпазы немесе екінші орын алған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімге сәйкес тендерлік құжаттаманың 7.6-тармағында көзделген қосымшаларымен бірге салыстыру рәсімі үшін өтінімнің түпнұсқасын ұсынбағанда;

3) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және/немесе енгізудің мерзімдері туралы белгіленген талапты орындағанда:

- егер өнім беруші сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шарт құнының 3 (үш) пайзы мөлшерінде сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе;

4) сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға немесе тиісінше орындауға байланысты сатып алу туралы шарт бұзылған жағдайда;

5) егер сатып алу жеңімпазы немесе екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттаманың 7.6-тармағында көзделген қосымшаларымен бірге электорндық сауда алаңында орналастырылған электронды және/немесе сканерленген құжаттарға сәйкес келмейтін өтінімнің түпнұсқасын ұсынса, Тізбеке енгізілуі тиіс.

## **§ 2. Әлеуетті өнім берушілерді (өнім берушілерді) тізбеке енгізу рәсімі**

8. Тапсырыс беруші/бастамашы белгіленген тәртіппен сатып алу бөлімшесіне оған сәйкес әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз деп тану туралы шешім қабылдау қажеттілігі туындаған себептерді сипаттай отырып, Қағидалардың 9-тармағы бойынша растайтын құжаттарды қоса беріп (бұдан әрі - материалдар) түсіндірме жазба жолдайды.

9. Материалдар сатып алу бөлімшесіне оның функциясына сатып алуды үйімдастыру және жүргізу кіретін тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесімен келісілген бірінші басшының немесе өзге уәкілетті тұлғаның қолы қойылған растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріліп, Қағидаларға 2- қосымшаға сәйкес қағаз немесе электронды тасығышта ұсынылуы тиіс:

1) занды тұлға үшін бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) сатып алудың тиісті тәсілі бойынша растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілген материалдар;

3) әлеуетті өнім берушінің (өнім берушінің) сатып алу бойынша құжаттарды көзделген талаптар бойынша шынайы емес ақпарат бергенін растайтын құжаттар;

4) әлеуетті өнім берушіден шарт жасаудан бас тарту хаты (бар болса);

5) шарт жасау мәселесі бойынша тапсырыс берушінің/бастамашының әлеуетті өнім берушімен хат алмасулары (бар болса);

6) өнім берушіге қол қою үшін жіберілген тапсырыс беруші/бастамашы тарапынан қол қойылған сатып алу туралы шарттың жобасы (бар болса);

7) бірінші басшының немесе тапсырыс берушінің/бастамашының өзге уәкілетті тұлғасы және/немесе бас бухгалтердің қолы қойылған, өнім берушіден есеп шотына сатып алу шарттың орындауды қамтамасыз ету ретінде ақшаның шартта көзделген мерзімде келіп түспегені туралы мөрмен расталған анықтама (бар болса);

8) тапсырыс берушінің/бастамашының сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мәселесі бойынша өнім берушімен хат алмасуы;

9) сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауына немесе тиісінше орындауына байланысты сатып алу туралы шарт бұзылған жағдайда немесе сатып алу туралы шарт талаптарының тиісінше орындалмауын растайтын құжаттар (бар болса);

10) әлеуетті өнім берушінің (өнім берушінің) сенімсіздік фактісін растайтын өзге де құжаттар.

10. Сатып алу бөлімшесі тапсырыс берушіден/бастамашыдан материалдарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) Тізбеке енгізу үшін осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес олардың толықтығын және негізdemelerінің болуын қарайды.

11. Материалдарды қараудың нәтижесі бойынша сатып алу бөлімшесі әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) Тізбеке енгізу туралы шешімнің жобасын жасайды және Аппарат басшысына шешім қабылдау үшін жібереді.

12. Тапсырыс беруші/бастамашы ұсынған материалдарды қараудың барысында сатып алу бөлімшесі оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша аталған құрылымдық бөлімше басшының келісімімен тиісті құрылымдық бөлімшенің қызметкерін тартуға (қажет болғанда) құқылы.

13. Тапсырыс беруші/бастамашы қосымша құжаттарды ұсыну немесе түсіндіру туралы сұраныс жіберген жағдайда материалдарды қарау мерзімі қосымша құжаттар, түсініктеме алу мерзіміне мөлшерлес мерзімге үзартылады.

14. Шешімнің көшірмесі тапсырыс берушіге/бастамашыға шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

15. Сатып алу бөлімшесі әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) Тізбеке енгізу қажеттігін растайтын құжаттар және/немесе түсініктемелер жеткілікті болмаған жағдайда материалдарды тапсырыс берушіге/бастамашыға қайтарады.

### § 3. Тізбені орналастыру

16. Тізбе Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Назарбаев Университеті» интернет-ресурсында және/немесе электронды сауда алаңында орналастырылады.

17. Әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) ол Тізбеке енгізілген күннен бастап 1 (бір) жыл өткенде Тізбеден автоматты түрде алғыншып тасталады.

18. Әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз деп тану және оны Тізбеке енгізу туралы шешімге әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) Қазақстан

Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

### **3. Жауапкершілік**

19. Әлеуетті өнім берушіні (өнім берущіні) сенімсіз деп тану және оны Тізбеке енгізу туралы ақпаратты қалыптастыруға қатысқан басшылар, тапсырыс берушінің/бастамашының қызметкерлері және басқа да тұлғалар осы Қағидалардың нормаларын бұзғаны және ұсынылған материалдардың, түсініктемелердің шынайылығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және белгіленген тәртіппен бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес жауапты болады.

Сенімсіз әлеуекті өнім  
 берушілердің (өнім  
 берушілердің) тізбесін  
 қалыптастыру және жүргізу  
 қағидаларына  
 1-косымша

### Сенімсіз әлеуекті өнім беруші/өнім беруші және оның тізбесі

p/c	Сенімсіз әлеуекті өнім беруші/өнім беруші және оның туралы ақпарат			Тізбеке енгізілген күні	Тізбеден шыгарылған күні
	Әлеуекті өнім берушінің/өнім берушінин атавы	Әлеуекті өнім беруші/өнім беруші	ЖСН/БСН орналасқан жері		
1	2	3	4	5	6
				7	8

Ескертпе:

\*Кағидалардың 7-тармағының тиісті тармакшасы көрсетіледі

Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесін калыптастыру және жүргізу қағидаларына 2-косымша

Сенімсіз әлеуетті өнім беруші (өнім беруш) туралы акпарат\*

Сенімсіз әлеуегті өнім беруші (өнім беруші) туралы акпарат		Күжаттардың деректемелері, сатып алуны журғзу, сатып алу корытындысын жасау күні		Тарап- тардын, жұмыс- тардын, кызмет- тердін толық атауы		Сатып алу туралы шарттың №_ және күні		Тауарды жеткізу/кызд еттерді көрсету/жұм ыстарды орындау мерзімдері	
p/c	Әлеуегті өнім берушінің/өнім берушінің атауы ТАӘ	Әлеуегті өнім берушінің/өнім берушінің (өнім берушінің) орналаскан жері	ЖСН/ БСН	Күжаттардың деректемелері, сатып алуны журғзу, сатып алу корытындысын жасау күні	Сатып алу туралы шарттың №_ және күні	Тауарды жеткізу/кызд еттерді көрсету/жұм ыстарды орындау мерзімдері	Әлеуегті өнім берушінің/өнім берушінің сенімсіз деректемесінде база менеджментін негіздеме**		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Тапсырыс берушінің/бастамашының бірінші басшысының тегі, аты және экесінің аты, колы. Орындаушының тегі, аты және экесінің аты, лауазымы және колы, байланыс телефоны.

## Експерті:

\*\* Кестенің пішінің өзгертуге жол берілмейді.

\*\*\* Қағидалардың 7-тармагының тиисті тармакшасы көрсетіледі.

7